

## 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 31-1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 қаңтарда № 5505 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2020 жылғы 21 ақпандағы № 44-10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 21.02.2020 № 44-10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Тасқала аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5 170 962 мың теңге:

салықтық түсімдер – 457 104 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 4 959 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 7 636 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4 701 263 мың теңге;

2) шығындар – 5 415 531 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 52 762 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 90 900 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 38 138 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -297 331 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 297 331 мың теңге:

қарыздар түсімі – 90 900 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 38 138 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 244 569 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 27.03.2019 № 34-1 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 12.06.2019 № 37-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.10.2019 № 39-3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2019 № 40-2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2019 № 41-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттің түсімдері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №21-2 "2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылы 21 желтоқсанда №5451 тіркелген) шешіміне және осы шешімнің 4-тармағына сәйкес қалыптастырылады.

3. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8-бабы қатерге және басшылыққа алынсын.

4. Аудандық бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін 2019 жылдың кірістерін бөлу нормативі төмендегі кіші сыныптар кірістері бойынша белгіленсін:

1) жеке табыс салығы аудандық бюджетке 100% есепке алынады;

2) әлеуметтік салық аудандық бюджетке 100% есепке алынады.

5. Жергілікті атқарушы органдарға қарасты мемлекеттік мекемелер ұсынатын тауарлар мен қызметтерді өткізуден түсетін ақшалар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі және Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіпте пайдаланылады.

6. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте келесі түсімдер ескерілсін:

1) республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредит – 1 895 512 мың теңге, соның ішінде:

жалақыны ішінара субсидиялауға – 8 215 мың теңге;

жастар практикасына – 59 464 мың теңге;

NEET санатындағы жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттарға – 11 110 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға – 4 090 мың теңге;

техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарының тізбесін кеңейтуге – 4 376 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 134 435 мың теңге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарында әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге – 9 644 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Тасқала ауылында екі үш қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлердің және оған инженерлік инфрақұрылымның құрылысына – 530 120 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға – 90 900 мың теңге;

заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге өтемақыға – 34 445 мың теңге;

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 435 259 мың теңге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге – 18 540 мың теңге;

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға – 172 133 мың теңге;

Тасқала ауданының білім беру бөлімі "Жалпы орта білім беретін Қ.Сәтбаев атындағы мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратын күрделі жөндеуге – 155 740 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданындағы Тасқала аудандық білім бөлімінің "Садық Жақсығұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына күрделі жөндеуге – 91 182 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Тасқала ауылдық округі Тасқала ауылының су құбырын қайта құруға – 100 000 мың теңге;

жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 35 859 мың теңге;

2) облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер – 360 864 мың теңге, соның ішінде:

жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға – 11 102 мың теңге;

жастар практикасына – 0 теңге;

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы 2-Шежін ауылына аудандық маңызы бар кіреберіс жолын орташа жөндеуге (0-2 шақырым) – 126 338 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Тасқала ауылында бір қабатты әкімшілік ғимараттың құрылысына – 105 048 мың теңге;

1, 4, 9, 10 сыныптардың және мектеп алды даярлық тобының жаңартылған білім беру мазмұнына көшуіне байланысты облыс мектептеріне кітаптар және оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға – 66 052 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды өткізуге – 7 821 мың теңге;

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Тасқала ауылының егжей-тегжей жоспарлау жобасымен біріктірілген бас жоспарын топографиялық түсірілімді орындаумен түзетуге – 5 815 мың теңге;

"Виртуалды лаборатория" порталына және мұғалімдерге тренингке қатысуға – 2 500 мың теңге;

NEET санатындағы жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік гранттарға – 3 535 мың теңге;

"жалпы орта білім беретін Қ.Сәтбаев атындағы мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратын күрделі жөндеуге – 15 739 мың теңге;

"Садық Жақсығұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына күрделі жөндеуге – 9 214 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 7 700 мың теңге.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 27.03.2019 № 34-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.06.2019 № 37-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.10.2019 № 39-3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2019 № 41-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

7. 2019 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві – 10 585 мың теңге көлемінде бекітілсін.

8. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте Тасқала ауданы Тасқала ауылдық округінің бюджетіне аудандық бюджет қаражаты есебінен бөлінетін трансферттердің жалпы сомасы 238 828 мың теңге көлемінде қарастырылғаны ескерілсін.

Аталған сомаларды Тасқала ауданы Тасқала ауылдық округінің бюджетіне бөлу Тасқала ауданы әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 27.03.2019 № 34-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.06.2019 № 37-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.10.2019 № 39-3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

9. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесіне сәйкес ауылдық жерлерде қызмет ететін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне осы қызмет түрлерімен қалада айналысатын азаматтық қызметшілердің ставкаларымен салыстырғанда лауазымдық жалақыларын 25%-ға көтеру белгіленсін.

10. 2019 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2019 жылға арналған жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттердің бөлінуі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Тасқала аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (Т. Ержігітова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

13. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Г. Кенжешева*

*С. Рахимов*

Тасқала аудандық  
мәслихатының 2018 жылғы  
26 желтоқсандағы №31-1  
шешіміне 1-қосымша

## 2019 жылға арналған аудандық бюджет

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 03.12.2019 № 41-1 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

(мың теңге)

Санаты					Сомасы
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Ерекшелігі					
1	2	3	4	5	
				Атауы	
				1) Кірістер	5 170 962
1				Салықтық түсімдер	457 104
	01			Табыс салығы	142 517
		2		Жеке табыс салығы	142 517
	03			Әлеуметтік салық	170 038
		1		Әлеуметтік салық	170 038
	04			Меншікке салынатын салықтар	134 286
		1		Мүлікке салынатын салықтар	121 491
		3		Жер салығы	733
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	8 630
		5		Бірыңғай жер салығы	3 432
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	8 384

	2		Акциздер		1 952
	3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер		3 459
	4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар		2 973
08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер		1 879
	1		Мемлекеттік баж		1 879
2			Салықтық емес түсімдер		4 959
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		2 281
	5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		2 206
	7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар		37
	9		Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер		38
04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар		1 025
	1		Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар		1 025
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер		1 653
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер		1 653
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер		7 636
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату		4 942
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату		4 942
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату		2 694
	1		Жерді сату		2 694
4			Трансферттердің түсімдері		4 701 263
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		4 701 263
	2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер		4 701 263
Функционалдық топ					
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бюджеттік бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	5 415 531
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	470 035
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	265 556

	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	22 302
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 302
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	109 611
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	109 223
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	388
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	133 643
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	133 643
2		Қаржылық қызмет	1 790
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 790
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 094
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	696
5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	1 492
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 492
	061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	1 492
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	201 197
	454	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	23 186
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 186
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	44 395
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 593
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	23 802
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28 568
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27 547
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 021
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	0
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	105 048
	040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	105 048
02		Қорғаныс	13 948
1		Әскери мұқтаждар	2 282
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 282
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2 282

2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	11 666
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	11 666
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	4 600
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	7 066
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6733
	9	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	6733
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6733
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	6733
04		Білім беру	2 218 152
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	33 285
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	33 285
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	22 578
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	10 707
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2 086 294
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	93 786
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	93 786
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 992 508
	003	Жалпы білім беру	1 889 011
	006	Балаларға қосымша білім беру	103 497
	9	Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	98 573
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	98 573
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 711
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	85 225
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	188
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	1 954
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 181
	068	Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету	314
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	462 311
	1	Әлеуметтік қамсыздандыру	156 708



	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	150 343
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	150 343
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 365
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	6 365
2		Әлеуметтік көмек	276 333
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	276 333
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	158 772
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	802
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	13 075
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	729
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	46 447
	017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	20 312
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	36 196
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	29 270
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	29 270
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22 492
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2 349
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	4 429
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	858 518
1		Тұрғын үй шаруашылығы	740 214
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12 863
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	6 200
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	3 000
	033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	3 663
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	727 351
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	726 479
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	872
2		Коммуналдық шаруашылық	112 505

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 323
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	1 323
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	111 182
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	11 180
	007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	0
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	100 002
3		Елді-мекендерді көркейту	5 799
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 799
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	840
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4 959
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	384 725
1		Мәдениет саласындағы қызмет	202 839
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	202 839
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	202 839
2		Спорт	7 942
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	7 942
	008	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	2 523
	009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 890
	010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 529
3		Ақпараттық кеңістік	108 250
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	10 495
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	10 495
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	97 755
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	96 842
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	913
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	65 694
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	41 565
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 707
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	24 639
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 219
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	24 129
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 948

		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	10 181
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	106 711
	1		Ауыл шаруашылығы	68 479
		473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	68 479
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 472
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	220
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1 800
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	2 188
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1 030
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	51 769
	6		Жер қатынастары	15 989
		463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	15 989
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 093
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	896
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	22 243
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	22 243
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	22 243
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	37 818
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	37 818
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	37 818
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 949
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	17 869
12			Көлік және коммуникация	201 702
	1		Автомобиль көлігі	196 817
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 000
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7 000
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	189 817
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	59 166

		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	130 651
9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	4 885
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 885
		037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	4 885
13			Басқалар	322 136
	9		Басқалар	322 136
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 584
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	6 584
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	43 677
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	3 281
		026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	40 396
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	271 875
		077	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	271 875
14			Борышқа қызмет көрсету	48
	1		Борышқа қызмет көрсету	48
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	48
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	48
15			Трансферттер	332 694
	1		Трансферттер	332 694
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	332 694
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	92
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	147 072
		038	Субвенциялар	174 630
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	10 900
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	52 762
			Бюджеттік кредиттер	90 900
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	90 900
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	90 900
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	90 900
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	90 900

Санаты					Сомасы	
Сыныбы						
Ішкі сыныбы						
Ерекшелігі						
Атауы						
1	2	3	4	5	6	
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	38 138	
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	38 138	
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	38 138	
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	38 138	
				4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0	
Функционалдық топ					Сомасы	
Функционалдық кіші топ						
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі						
Бюджеттік бағдарлама						
Атауы						
1	2	3	4	5		6
				Қаржы активтерін сатып алу	0	
13				Басқалар	0	
	9			Басқалар	0	
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0	
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0	
Санаты					Сомасы	
Сыныбы						
Ішкі сыныбы						
Ерекшелігі						
Атауы						
1	2	3	4	5		6
				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		0
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		0
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер		0
				5) Бюджет тапшылығы (профициті)		-297 331
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	297 331	
7				Қарыздар түсімдері	90 900	
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	90 900	
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	90 900	
Функционалдық топ					Сомасы	
Функционалдық кіші топ						
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі						

Бюджеттік бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	
					6
16				Қарыздарды өтеу	38 138
	1			Қарыздарды өтеу	38 138
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38 138
			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	38 138
Санаты					
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					Сомасы
Ерекшелігі					
Атауы					
1	2	3	4	5	
					6
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	244 569
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	244 569
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	244 569

Тасқала аудандық  
мәслихатының 2018 жылғы  
26 желтоқсандағы №31-1  
шешіміне 2-қосымша

## 2020 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 27.03.2019 № 34-1 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

(мың теңге)

Санаты					
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					Сомасы
Ерекшелігі					
Атауы					
1	2	3	4	5	
					6
				1) Кірістер	3 149 541
1				Салықтық түсімдер	659 697
	01			Табыс салығы	164 405
		2		Жеке табыс салығы	164 405
		03		Әлеуметтік салық	147 487
		1		Әлеуметтік салық	147 487
	04			Меншікке салынатын салықтар	338 308
		1		Мүлікке салынатын салықтар	328 768

		3		Жер салығы	225
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	5 135
		5		Бірыңғай жер салығы	4 180
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	7 867
		2		Акциздер	1 200
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 200
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4 467
	08			Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1 630
		1		Мемлекеттік баж	1 630
	2			Салықтық емес түсімдер	2 808
		01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 400
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 400
		06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 408
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 408
	3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3 693
		01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 350
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 350
		03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 343
		1		Жерді сату	1 343
	4			Трансферттердің түсімдері	2 483 343
		02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 483 343
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 483 343
Функционалдық топ					Сомасы
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бюджеттік бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	3 149 541
	01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	144 049
		1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	84 471
			112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19 605
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 605
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
			122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	64 866

		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	64 346
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	520
2			Қаржылық қызмет	1 747
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 747
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 747
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	57 831
	454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	19 955
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 955
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	16 398
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 398
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	21 478
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 958
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	520
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	0
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	0
02			Қорғаныс	15 634
	1		Әскери мұқтаждар	2 422
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 422
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2 422
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	13 212
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	13 212
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	4 368
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	8 844
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	53
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	53
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	53
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	53



04		Білім беру	1 605 544
1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	18 844
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	18 844
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	18 844
	024	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	0
